



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Басықараға барғанда...

4 Әскери қызмет — өмір мектебі

6 Ахмет Байтұрсынұлы қызметінің Қызылордадағы кезеңі

8 Жас ұрпақтың жұлдызын жаққан

ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД Үкіметтері басшылары кеңесінің мүшелерімен кездесті.

Кездесуге Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, Әзербайжан Республикасының Премьер-министрі Әли Асадов, Беларусь Республикасының Премьер-министрі Роман Головченко, Тәжікстан Республикасының Премьер-министрі Кохир Расулзода, Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдула Арипов, Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин, Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы — Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров, Армения Республикасының вице-премьері Мгер Григорян, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Ходжамұрат Гелдімұрадов және ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы — Атқарушы хатшысы Сергей Лебедев қатысты.

Президент ТМД елдері делегацияларының басшыларына ілтипат білдіре отырып, экономикалық серіктестікті кеңейту үшін жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

— Жұырда ТМД-ға мүше елдердің басшыларының Саммиті өтті. Біз өзара ынтымақтастықты арттыруға, экономиканың әлеуетін нығайтуға деген ортақ ниетімізді білдірдік, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев шиеленісе түскен геосаяси қайшылықтарға, әлемдік экономикадағы тұрақсыздыққа назар аударып, бірқатар тиімді шара қабылдауға шақырды.

— Бұл ретте өзара сауда-экономикалық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Өздеріңізге мәлім, Қазақстанның биылғы төрағалығы аясында ТМД-ның 2030 жылға дейінгі экономикалық даму стратегиясының міндеттерін белсенді жүзеге асыру ісі жалғасты. Халықаралық нарықтағы дағдарыс жағдайына қарамастан, экономикамыз біртіндеп қалпына келе бастады, — деді Президент.

Мемлекет басшысы кедергілерді жоюға, протекционизмге жол бермеуге, қолайлы тарифтік шарттар қалыптастыруға, әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде көлік-транзит әлеуетін дамыту мәселелеріне де тоқталды. Атап айтқанда, Еуразия нарықтарына жана мүмкіндіктер ашатын Транскаспий халықаралық көлік бағытының келешегі бар екенін жеткізді.

— Бұл мәселенің өзектілігі артып келеді. ТМД-ға мүше мемлекеттер қолда бар әлеуетті дамыту үшін бірлесіп жұмыс істейтін болады. Атап айтқанда, Иранға, Парсы шығанағы мен Үндістанға шығатын «Солтүстік — Оңтүстік» бағыты бойынша саудасаттықты өркендету маңызды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында Астанада өтіп жатқан ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің отырысы Достастыққа мүше елдердің алдында тұрған міндеттерді шешуге өз үлесін қосатынына сенім білдірді.

САПАР



Суреттерін түсірген Б.ЕСКАНОВ

ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕДЕГІ ТОЛЫМДЫ ТІРШІЛІК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдары басшыларымен бірге жұмыс сапарымен Арал ауданына барды. Батыс аудандағы сапардың басты мақсаты — Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы аясында жергілікті тұрғындармен жүздесу. Сондай-ақ Нұрлыбек Нәлібаев қала статусын алғанына 95 жыл толған аудан орталығындағы бірқатар шараларға қатысып, жыл сайын тойланатын балықшылар мерекесіне де ортақтасты.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Алдыңмен аймақ басшысы аудан территориясындағы «Көкарал» бөгетінің жұмысымен танысты. Сала мамандарымен пікірлесіп, бөгетті жөндеу жұмыстарының барысын саралады.

Аймақ басшысы «Көкарал» тек Арал өңіріне ғана емес, республика үшін өте маңызды нысан екенін алға тартып, Президент тапсырмасы аясында бөгетті жөндеу жұмыстары қолға алынғанын тілге тиек етті.

— Мемлекет басшысы «Кіші Аралды» сақтап қалу бойынша шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды. Осы орайда, республикалық бюджет есебінен «Көкарал» бөгетін сақтап қалу және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру» жобасының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, биыл тамыз айында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Ал қыркүйекте республикалық бюджеттік комиссияның отырысында Су ресурстары комитетінің бюджетін қайта бағыттау есебінен жобаны іске асыруды бастауға биыл 500 млн теңге

бөлінді. Сондықтан жұмысты сапалы деңгейде үйлестіріп, механикалық тазарту жұмыстарын жүргізу қажет, — деді облыс әкімі.

Жоба-сметалық құжаттарда қаралған негізгі жұмыстардың бірі — «Солтүстік Арал» теңізінің солтүстік бөлігінің тұздылығын азайту мақсатында «Тұщы», «Сарытерен», «Қарашалаң-1», «Қарашалаң-2» каналдарына механикалық тазарту жұмыстарын жүргізу басталды.

Айта кетейік, Президент пәрмені негізінде бөгет мәселесі бұған дейін де Өзбекстан мен Қазақстан Парламенті Сенатында жан-жақты қаралып, бірлескен топ «Көкаралға» келіп, бөгеттің жағдайымен танысқан еді.

«Көкарал» бөгеті 2005 жылы қараша айында пайдалануға берілген. Ұзындығы 13 шақырым. Жоба құны 4,6 млрд теңге. Су тоспасы салынған уақыттан бастап теңіздегі судың көлемі 11,5 млрд текше метрге ұлғайды. Сондай-ақ, балықтың жергілікті түрлері артып, бекіре тұқымдас балықтарды өсіруге қолайлы жағдай туды. Ал

аулау көлемі 400 тоннадан 8 мың тоннаға дейін көбейді.

Бөгет басында облыс әкімі белгіленген жұмысты уақытылы әрі сапалы аяқтауды міндеттеп, сала мамандарына бірқатар тапсырмалар берді.

Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен құқық қорғау органдары басшыларының өңірлерге сапары жалғасуда. Арал ауданында тұрғындармен жеке қабылдау өткізіп, бірқатар мәселелерді заң аясында бірге талқылады.

Тұрғындарды қабылдаудан бұрын аймақ басшысы мемлекет және қоғам қайраткері Құдайбергген Саржановтың «Суреттер сыр шертеді» тарихи музей жұмысымен танысты.

2-бет

«ҚАЙСАР» ПРЕМЬЕР-ЛИГАҒА ШЫҚТЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев орталық стадионда өткен «Қайсар» мен «Жетісу» командаларының ойынына барып, жанкүйер болды. «Қайсар» «Жетісумен» тең түсіп, Премьер-лигаға шықты.

Ойын аяқталғаннан кейін белгілі футболшы, Сыр елінің мақтанышы Мақсат Байжановтың үлкен спортпен қоштасу рәсімі өтті. Шараға арнайы Қазақстан кәсіпқой футбол лигасының президенті Шох Рохус, сала басшылары, Сыр спорттың жанкүйерлері қатысты.

Облыс әкімі Мақсат Байжановтың еңбек жолы жастарға үлгі екенін айтып, қайсарлықтарды Премьер-лигаға шығуымен құттықтады. Спорт жанашырлары үшін ақжолтай жаңалықты жеткізіп, жаңа стадион салу бастамасы қолға алынатынын айтты.

2-бет

ҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ

КЕНЖЕЛЕГЕН ЖАНР ҚАЙТА ЖАНДАНУДА

Кейінгі бірнеше жылда «Заң» медиа-корпорациясы ЖШС жазушы Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив жанрындағы шығармалар байқауын ұйымдастырып келеді. Мақсат — қазақ әдебиетінде көнже қалған осы жанрды қайта жандандыру.

Сб Актілек БИТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Байқаудың қорытынды шарасы биыл Сыр өңірінде өтуде. Соған орай қаламызда бірнеше шара өтті. Байқау ұйымдастырушылары әуелі баспасөз брифингінде қолға алған істің бүгінгі аяқ алысынан хабардар етті.

2-бет

ҚАЛҚАБАЙ ӘБЕНОВ – 100

ӘБЕНОВТІҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ




Биыл Сыр журналистикасына өзіндік із қалдырған баспасөз қайраткері Қалқабай Әбеновтің туғанына 100 жыл толды. Осыған орай, облыс көлемінде мерекелік іс-шаралар, шығармашылық байқау өткізілуде. Бұған демеушілік жасаған ұл-қыздары, немерелері, дос-жарандарына жұртшылық алғысы шексіз. Бүгін он сегіз жылға жуық бұрынғы «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде редактор қызметін атқарған Қалқабай Әбенов жайындағы мақаланы 5-беттен оқи аласыздар.

ЕРТЕҢ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТКЕ ҚҰРМЕТ

Қазан айының соңғы жексенбісі — Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні. Бұл — жалғызбасты қарттарға, мүгедек балалардың және басқа да азаматтардың мұң-мұқтажына бейжай қарай алмайтын мейірбан жандардың мерекесі.

3-бет



МӘСЕЛЕ

КӨЛІК КЕПТЕЛІСІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Жақында бір жаңалыққа ішім жылып қалды. Ол — Қызылорда қаласындағы Жанқожа батыр көшесі келіп тірелетін ескі теміржол өткелінде автокөліктер өтуге арналған жаңа өткел салынатыны туралы хабар. Облыстық мәслихаттың қыркүйек айында өткен кезектен тыс 19-сессиясында депутаттар осы теміржол асты өткелін салу үшін жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қаржы бөлуді қолдап дауыс беріпті. Өте дұрыс шешім!

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

4-бет

